

Алматы облысы
Еңбекшіқазақ ауданы
Шелек ауылы
МКҚК «Бәйтерек» балалар бақшасы

*«Балабақша және отбасы
жылылықтың, жылулықтың
мекені»*



Нурбекова А.Ж.

Мақсаты



Жасытпай тәрбиелеу сенімсіздік
комплекстерін жою.

Баланың өзін-өзі тану еркіндігімен
дұрыс қарым-қатынасын дамыту.

Баланың өзіндік «МЕНІҢ» анықтауға
көмектесу

Балаларды жан-жақтылыққа,
кісілікке, парасаттылыққа,
имандылыққа, адамгершілікке
, патриоттық сезімдерін
оятуға тәрбиелеу.

Міндеттері:

Балаларды өмірге бейімдеу, өз бетінше қызмет етуге баулу.

Ойшыл ретінде балалар (әр қилы рөльдер ойнау арқылы) өздерінің жасаған іс әрекеттеріне жауап іздеп, жаңа алған білімдерімен бұрынғы білімдерін байланыстырады.

Ата-ананы білім беруге міндеттеу.

Бағдарлама бойынша балалар әр қилы рөльдер ойнау арқылы алға қойған мақсаттарына жетуге тырысады.





ӨЗЕКТІЛІГІ:

Әртүрлі бірлескен отбасылық іс – шаралар өткізу арқылы балалардың ой – өрісін дамуына ықпал ету



**Сәбидің аттаған
алғашқы қадамы – жаңа
өмірге басқан қадамы.
Бұл ата-ана үшін, біз
үшін үлкен қуаныш,
айтып жеткізе
алмайтын бақыт.**







«Елдің болашағын білімді ұрпақ айқындайды. Өйткені елдің ертеңгі тірегі- жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі керек»

Н.Ә. Назарбаев.

1. отбасының топқа келуі;

2. бірлескен саяхаттар;

3. қызықты отбасылық кештер;

4. отбасылар арасында өзара достықты орнату

**“ТӘЙ-ТӘЙ”
БАҒДАРЛАМАСЫ
ОТБАСЫМЕН БІРЛЕСІП,
МЫНА ЖҰМЫСТАРДЫ
ІСКЕ АСЫРУҒА
МҮМКІНДІК БЕРЕДІ:**



Орталықтың түрлері



- Көркем әдебиет орталығы;
- Құм орталығы;
- Ғылым орталығы;
- Ойын;
- Өнер орталығы;
- ҚМТҚ орталығы;





Көркем әдебиет орталығы



● Ата-аналар көркем әдебиет ертегілерін оқып беріп, оқылған ертегі мазмұнын әңгімелетуге, мақал-мәтел оқу, жұмбақ жасыру арқылы, балалардың тілін ширатты.

● Осы ертегілер арқылы, көркем сөз өнеріне сүйене білуге баулып, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, мазмұнды суреттер арқылы жүйелі сөйлем құрап, сөйлеуге үйретті.



Құм орталығы

Құм терапиясының маңыздылығы

- Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлау мен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі. Құм балалардың өзара түсінушіліктерін табуға көмектеседі. Құм агрессиялық қуатты шешеді. Сондықтан құмзарда ойнап отырған барлық бала бірге ойын жоспарлап оны жүзеге асырады.
- Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі туады да, ол тілдік және коммуникативті дамуына жағымды әсерін тигізеді. Балалардың ұсақ қол моторикасын дамытып, балалардың психикасын реттейді. Саусаққа тиген құм түйіршіктері әрбір ұйықтап жатқан клеткаларды оятады, балалардың жүйкесін тыныштандырады.



Математикалық орталық

1. Бұл орталықта балалар математикалық ұғымдар мен геометриялық пішіндерді ұғынуға сандарды тура және кері санауға және сандарды ажырата білуге үйретеді.

□ Заттардың кеңістікте орналасу бағытын, уақытты бағдарлауға, заттардың түр түсіне, пішініне көлеміне қарай салыстыруға, ажырата білуге үйретеді.



Өнер орталығы

- Бұл орталықта балалар әр түрлі материалдарды қолдану арқылы жапсырудың алуан әдісін жүзеге асырады. Шығармашылықтары артып, өткізілген әр түрлі тақырыпқа сай табиғи материалдардан заттық мазмұнды және сәндік сурет салу немесе ермексаз бен сәндік бұйымдар жасауға жетекшілік етемін. Алдын ала дайындық жұмыстар жүргіземін және балалармен серуенге шыққан кезде табиғи материал қалдықтарын жинап қоямыз.
- Өнер орталығында балалардың қабылдауын көрнекі бейнелі



Ғылым орталығы




- Баланың табиғатқа деген сүйіспеншілік қамқорлық қарым-қатынастары қалыптасады.
- Табиғатпен өсімдіктердің құпия сырларына деген қызығушылығы артып, әртүрлі зерттеу іс-тәжірибе жүргізу, бақылау жұмыстары арқылы жүзеге асады.





Ойын орталығы

- «Баланы ойын өсіреді» деген даналық сөз бар.
- Ойын-балалар өмірінің нәрі. Ойын арқылы баланың дүние танымын қалыптастыруға, қиялын шындауға, баланың арман тілегін білуге, зейін қалыптастыруға, ойлау қабілетінің дамуына әсер етуге болады.
- Бала ойынын да қоғамдық ұжымдық сипат болады. Ойын баланың күш қуатын молайтып, оны шапшандыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойынын толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді. Бала ойнап жүріп ойланады, жүйкесі тынығады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі ширай түседі. Сондықтан келешек қайраткер азаматты тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады.



*«Баланың ынтасын арттыру үшін
оқылатын нәрседен бір жаңалық
болу керек» деген*

Жүсіпбек Аймаутов.



“Таза сенбілік” балабақшада

- Ата – аналар жиналысында сенбілікке қатысуды ұйымдастыру;
- Көктем – күз мезгілдерінде балалармен, ата – аналармен көшет отырғызу.



«Тәй-тәй» бағдарламасы арқылы жеткен нәтижем

*Балабақша, тәрбиеші, бала,
ата-ана арасындағы
байланыс күшейтіледі.*


*Балалардың өмірге, білімге
деген қызығушылығы
артады.*

*Үлкенді сыйлау, құрметтеу,
сәлем беру дағдылары
қалыптасады.*

*Тасырмаларды дұрыс
қабылдап, түсіне білуі артады.*

*Балалар өзінің жеке ойы мен
бөлісуге, жолдастарының пікірін
тыңдауға дағдыланады.*

*Балалардың сөздік қоры
молайып шығармашылық
қабілеті дамиды.*



*Тыңдағандарыңызға
көп-көп рахмет!*

